

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі,  
«СҚ-Фармация» ЖШС және «Қазақстан халқына» қоры арасында  
ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

Осы Өзара түсіністік туралы меморандум Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, «СҚ-Фармация» ЖШС және «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қоры (бұдан әрі -Тараптар) арасында жасалады.

Президенттің 2022 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында берген денсаулық сақтау саласындағы проблемаларды шешу үшін «Қазақстан халқына» қоғамдық қорын құру туралы тапсырмасын назарға ала отырып;

орфандық аурулары бар балалар жасындағы пациенттерге медициналық көмек көрсету жағдайын одан әрі жақсарту қажеттігін түсіне отырып,

орфандық препараттарды сатып алу шеңберінде бірлескен іс-қимылдарды одан әрі шоғырландыру мақсатында Тараптар төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі - ҚР ДСМ) Қор есебінен дәрілік қамтамасыз ету мәселелері бойынша, осындай қолдау қажет болса, жан-жақты ұйымдастырушылық қолдау көрсетеді.

2. Қор Қордың ішкі рәсімдеріне сәйкес мақұлданған өздерінің қайырымдылық жобалары мен бағдарламаларын қаржыландыру шеңберінде, өміріне қауіп төндіретін ауыр аурулары, оның ішінде орфандық аурулары бар пациенттерді дәрілік заттармен (бұдан әрі – ДЗ) және медициналық бұйымдармен (бұдан әрі – МБ) қамтамасыз етеді.

3. СҚ-Фармация ДЗ мен МБ қажетті көлемін жеткізушілерді (өндірушілерді, дистрибьюторларды, фармацевтикалық ұйымдарды) іздестіруге жәрдемдесуді қамтамасыз етеді, ҚР ДСМ тапсырмасының негізінде Қордың ішкі рәсімдеріне сәйкес мақұлданған қайырымдылық жобалары мен бағдарламаларын қаржыландыру шеңберінде ДЗ мен МБ сақтауды және тасымалдауды жүзеге асырады.

4. Қор ДЗ мен МБ сатып алу төлемін тікелей жеткізушіге төлейді. Қордың тікелей төлем жүргізу әдісі шарттың маңызды талаптары болып табылады.

5. Қор СҚ-Фармацияға жәрдемдесу үшін саудалық атаулары көрсетілген ДЗ мен МБ келісілген тізімін және көлемін СҚ-Фармацияға жібереді.

6. ҚР ДСМ Қор қаражаты есебінен сатып алынатын ДЗ мен МБ туралы деректерді амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етуді есепке алудың ақпараттық жүйесіне енгізеді.

7. Денсаулық сақтау ұйымы Қорға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес медициналық ақпараттық жүйелерде көрсетілген күнін көрсете отырып, Қор қаражаты есебінен сатып алынған ДЗ мен МБ пайдаланылуы туралы ақпаратты жібереді.

## 2-бап

8. Осы Меморандумның 1-бабында көрсетілген ынтымақтастық салалары мынадай нысандарда іске асырылатын болады:

- 1) Тараптар өкілдерінің кездесулері;
- 2) Тараптар арасында ақпаратпен алмасу және ынтымақтастық саласында жалпыға қолжетімді материалдармен және жарияланымдармен алмасу;
- 3) Тараптармен бірлесіп айқындалатын ынтымақтастықтың басқа да нысандары.

9. Меморандумды түсіндірумен және (немесе) орындаумен байланысты туындайтын кез келген келіспеушіліктер Тараптардың өзара келісімі бойынша консультациялар мен келіссөздер жолымен шешілетін болады.

10. Осы Меморандум Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін. Мұндай өзгерістер осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Меморандумның 3-бабына сәйкес күшіне енеді.

## 3-бап

11. Меморандум Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және шектеусіз уақыт кезеңі ішінде күшінде болады.

12. Тараптардың кез келгені басқа Тараптарға жазбаша хабарлама жібере отырып, Меморандумның қолданысын кез келген уақытта тоқтата алады. Жазбаша хабарлама басқа Тараптар осындай хабарламаны алған күннен кейін 1 (бір) айдан соң күшіне енеді.

13. 2022 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ Нұр-Сұлтан қаласында қазақ және орыс тілдерінде қол қойылды. Түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда қазақ тіліндегі мәтін басым болады.

## ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау  
министрлігі



Шоранов М.



«СҚ-Фармация»  
ЖШС



Искалиев Е. С.



Қазақстан халқына»  
қоғамдық әлеуметтік  
қоры



Жәмішев Б.Б.

